

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 3120 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 7 қарашадағы N 1667 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 198 Жарлығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 198 Жарлығымен .

Президент пен Үкімет
актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 3120 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 38, 355-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбындағы "тәртібі" деген сөз "ережесін бекіту" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "қараудың тәртібі туралы Ережелер" деген сөздер "қарау ережелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау тәртібі туралы Ережелерде:

тақырыбындағы "тәртібі туралы Ережелер" деген сөздер "ережелері" деген сөзбен ауыстырылсын;

кіріспедегі "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына" деген сөздер "Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"I, II, III, IV, V, VI, VII, VIII, IX, X" деген тараулардың нөмірлері тиісінше "1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10" деген цифрлармен ауыстырылсын;

барлық мәтін бойынша "консулдық мекемелері", "консулдық мекемелер", "консулдық мекеме", "консулдық мекемелерде", "консулдық мекеменің", "консулдық мекемелердің" деген сөздер тиісінше "шет елдердегі мекемелері", "шет елдердегі мекемелер", "шет елдегі мекеме", "шет елдердегі мекемелерде", "шет елдегі мекеменің", "шет елдердегі мекемелердің" деген сөздермен ауыстырылсын; "Мемлекеттік-құқық басқармасына", "Мемлекеттік-құқық

басқармасы" деген сөздер тиісінше "Құқық қорғау мен сот жүйелері мәселелері бөліміне", "Құқық қорғау мен сот жүйелері мәселелері бөлімі" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың бірінші абзацындағы "облыстардың, қалалардың, аудандардың және қалалық аудандардың ішкі істер басқармалары, бөлімдері" деген сөздер "облыстардың, Алматы қаласының, Астана қаласының ішкі істер департаменттері, қалалардың, аудандардың және қалалардағы аудандардың ішкі істер басқармалары, бөлімдері" деген сөздермен ауыстырылсын; "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері, консулдық мекемелері және өкілетті өкілдіктері (бұдан әрі - консулдық мекемелер)" деген сөздер "Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі - шет елдердегі мекемелер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың он үшінші абзацындағы "және өзінің туысының тұрақты тұратын жерінен анықтама" деген сөздер алынып тасталсын;

8 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "және Қазақстан Республикасы астанасының", "басқармаларына" деген сөздер тиісінше ", Алматы қаласының, Астана қаласының ", "департаменттеріне" деген сөздермен ауыстырылсын; екінші абзацтағы "басқармалары" деген сөз "департаменттері" деген сөзбен ауыстырылсын;

13-тармақтағы "Бас прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика және ақпарат орталығы" деген сөздер "Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінде 15, 17-тармақтар өзгеріссіз қалдырылсын;

19-тармақтағы ", тұрғылықты жерінен анықтама" деген сөздер алынып тасталсын;

VII тараудың тақырыбындағы "Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын" деген сөздер "шешімдерді" деген сөзбен ауыстырылсын;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдарға қатысты азаматтық мәселелері жөніндегі шешімдерді орындау - халықты құжаттандыру және тіркеу жөніндегі уәкілетті органға, ал республикадан тысқары жерлерде тұратын адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне жүктеледі.";

27-тармақтағы "Ішкі істер министрлігі" деген сөздер "Әділет министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын, "Қазақстан Республикасы Президентінің" деген сөздер алынып тасталсын, "жарлықтарының" деген сөз "шешімдердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

29-тармақтағы "жасанды құжаттар табыс ету" деген сөздерден кейін ", басқа мемлекеттің азаматтығын алу" деген сөздермен толықтырылсын;

30-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"егер адам басқа мемлекеттің азаматтығын алған болса".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК